

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә. Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты

Көлік техника кафедрасы

А.Ө.Есенбек

Жоғарғы оқу орындарына арналған оқулықтарды шығаратын баспахананың
басу цехының технологиялық бөлімін жобалау

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B072200 – Полиграфия

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө. Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты

Көлік техникасы кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

т.ғ.д., профессор

 С.А. Машеков

« 20 » 05 2019 ж.

Дипломдық жобаға

ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: «Жоғарғы оқу орындарына арналған оқулықтарды шығаратын
баспаханың басу цехының технологиялық бөлімін жобалау»


5B072200 – Полиграфия

Орындаған

А.Ө. Есенбек

Ғылыми жетекші

х.ғ.к. КТ каф. қауым. Проф.

 Ж.Е. Ибраева



« 20 » 05 2019 ж.

Алматы 2019


**Дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау
КЕСТЕСІ**

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Технологиялық бөлім	15.01-01.03.2019	
Еңбекті қорғау бөлім	01.03-20.03.2019	
Экономикалық бөлім	26.03-30.04.2019	

Дипломдық жұмыс (жоба) бөлімдерінің кеңесшілері мен
норма бақылаушының аяқталған жұмысқа (жобаға) қойған
қолтаңбалары


Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Технологиялық бөлім	Ж.Ж. Толыбаева КТ каф. лекторы	20.05.19	
Ереже бақылау	Ж.Ж. Толыбаева КТ каф. лекторы	20.05.19	

Ғылыми жетекші



Ж.Е. Ибраева

Тапсырманы орындауға алған білім алушы



А.Ө. Есенбек

Күні

« 15 » 11 2019 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә. Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты


Көлік техника кафедрасы

5B072200 – Полиграфия

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі

т.ғ.д., профессор

 С.А. Машеков

« 23 » 14 2018 ж.

Дипломдық жоба орындауға

ТАПСЫРМА

Білім алушы Есенбек Аязоз Өскенбайқызы

Тақырыбы : « Жоғарғы оқу орындарына арналған оқулықтарды шығаратын
баспахананың басу цехының технологиялық бөлімін жобалау »

Университет Ректорының 2018 жылғы «06» қараша № 1252-б бұйрығымен
бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі 2019 жылғы «22» мамыр

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері: кітап 1: басылымның форматы:
 $60 \times 84^{1/8}$, $V_{(ф.б.т.)}=28$, $T=30$, $H=40$, бояулығы 4+4; кітап 2: басылымның
форматы: $70 \times 100^{1/16}$, $V_{(ф.б.т.)}=18$, $T=40$, $H=35$, бояулығы 4+4; кітап 3:
басылымның форматы: $70 \times 90^{1/16}$, $V_{(ф.б.т.)}=12$, $T=45$, $H=50$, бояулығы 4+4;

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) Технологиялық бөлім

б) Еңбек қорғау бөлімі

в) Экономикалық бөлім

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс): сызба

материалдары технологиялық сұлбадан, жүктер ағымынан, жабдықтардың
жүктемесінен, эвакуация жоспарынан, технико-экономикалық
көрсеткіштерінен тұрады.

Ұсынылатын негізгі әдебиет 10 атаудан тұрады.

АНДАТПА

Дипломдық жобада ЖОО-на арналған оқулықтарды шығаратын баспахананың басу цехы жобаланған.

Дипломдық жобаның түсіндірме жазбасы келесі бөлімдерден тұрады:

- технологиялық бөлім;
- еңбек қорғау;
- экономиялық бөлім.

Технологиялық бөлімде басу цехының технологиялық процесі толығымен қарастырылған. Басылымды басу цехында даярлаудың технологиялық сұлбасы, ол сұлбадағы операцияларды талдау және орнықтыру, негізгі жабдықтар мен материалдар таңдалды. Кестелерде жылдық өндірістің жүктемесі, қажетті жабдықтар, материалдар саны және өндірістегі жұмысшылар есептеулері көрсетілген.

Еңбекті қорғау басу цехында жиі кеен дірілдің зияны, олармен күрес, ауаны тазарту сияқты мәселелер қарастырылған.

Экономикалық бөлімде осы процесті талдау кезіндегі барлық есептеулер көрсетілді. Олардың ішінде негізгі қор, айлық ағымды үлестірімдер, негізгі және қосымша жұмысшылардың жалақылары, бір табак-таңбаның өзқұны, өндірістің тиімділігі, өтеу мерзімі сияқты көрсеткіштер қарастырылды.

Дипломдық жобаның түсіндірме жазбасы 45 беттен, 20 кестеден және 1 суреттен тұрады.

Дипломдық жобаның сызбалық бөлімі келесі сызбалармен көрсетілді:

- басылымды басу цехында даярлаудың технологиялық сұлбасы;
- басу цехының жоспары;
- жүк ағымы;
- төтенше жағдайдағы эвакуация жоспары;
- өндірістің техника-экономикалық көрсеткіштері.

АННОТАЦИЯ

В дипломном проекте проектируется печатный цех типографии по выпуску учебников для Вузов.

Пояснительная записка дипломного проекта содержит следующие разделы:

- технологическая часть;
- охрана труда;
- экономическая часть.

В технологической части дипломного проекта рассматривается технологический процесс изготовления издания в печатном цехе. Приведена технологическая схема изготовления издания в печатном цехе, выбраны и обоснованы все операции технологического процесса, а также выбрано основное оборудование и материалы. В таблицах отражены годовая загрузка производства, основное оборудование, материалы, рассчитаны основные рабочие и материалы печатного цеха.

В разделе охраны труда рассмотрены вопросы шума и вибрации в печатном цехе, а также рассмотрены вопросы очистки воздуха.

В экономической части приводятся расчеты, обоснованные на этапе печатного процесса. Среди них основные производственные фонды, текущие затраты, заработные платы основных и вспомогательных рабочих, себестоимость одного листа-оттиска, рентабельность производства, срок окупаемости и т.д.

Пояснительная записка дипломного проекта содержит 45 листов, 20 таблиц, 1 рисунок.

Графическая часть проекта представлена в виде чертежей:

- технологическая схема изготовления издания в печатном цехе;
- планировка печатного производства;
- схема грузопотоков;
- план эвакуации при чрезвычайных ситуациях;
- технико-экономические показатели.

THE SUMMARY

In the thesis project is designed printing shop printing house for the production of textbooks for universities.

Explanatory note of the graduation project contains the following sections:

- technological part;
- occupational safety and health;
- the economic part.

In the technological part of the chip project, the technological process of producing a publication in the printing shop is considered. A flow chart for the production of a publication in the printing shop is given, all the operations of the technological process are selected and justified, and the main equipment and materials are selected. The tables reflect the annual production load, the main equipment, materials, the main workers and materials of the printing shop are calculated.

In the section of labor protection issues of noise and vibration in the printing shop, as well as the issues of air purification.

In the economic part, the calculations are based on the stage of the printing process. Among them are the main production assets, current costs, wages of main and auxiliary workers, the cost of one-sheet impress, the profitability of production, the payback period, etc.

Explanatory note of the graduation project contains 45 sheets, 20 tables, 1 drawing.

The graphic part of the project is presented in the form of drawings:

- technological scheme of production of publications in the printing shop;
- print production layout;
- traffic flow diagram;
- emergency evacuation plan;
- technical and economic indicators.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	9
1	Технологиялық бөлім	10
1.1	Басылым үшін басу әдісін таңдау	10
1.2	Басылымның техникалық сипаттамасы	10
1.3	Басылымды даярлау технологиялық сұлбаны таңдау	12
1.4	Таңдалған технологиялық процесті талдау және орнықтыру	13
1.5	Негізгі жабдықты таңдау	19
1.6	Негізгі материалдары таңдау	21
1.7	Технологиялық есептер	23
1.8	Қойма шаруашылығы	26
1.8.1	Негізгі базистік қойма	27
1.8.2	Операциялық қойма	27
1.8.3	Престеу (қалдықтар) қоймасы	27
1.8.4	Материалдар қоймасы	28
1.8.5	Жанғыш-майлау материалдар	28
1.9	Жөндеу-механикалық цех	29
2	Еңбекті қорғау	31
2.1	Өндірістік қауіпті және зиянды факторларды талдау	31
2.2	Шулар және дірілдер	31
2.2.1	Шумен күресу	32
2.2.2	Шу және жұмыс орнында шудың шекті деңгейлері	32
2.3	Ауаны тазарту және желдету	33
3	Экономикалық бөлім	34
3.1	Күрделі (бірреттік) шығындар	34
3.2	Ағынды үлестірімдер (айлық шығындар)	37
	Қорытынды	
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	
	А қосымша	

КІРІСПЕ

Полиграфияда түрлі әдістермен шығарылатын өнімнің көп түрі кездеседі. Солай бола тұра өнім бағасы тұтынушы сұранысы және пайдаланылатын ортасына байланысты көрсеткіштермен анықталады. Басты көрсеткіштерге: өзіндік құн, өнімділік, пайда, сапа, сұраныс, шикізат және материалдың қолданылуы, өнім бағасы, еңбек өнімділігі және т.б жатады. Міне сондықтан, белгілі басылымның техникалық сипаттамасын өңдеген өте маңызды.

Өнімді басуға жабдық таңдау көбіне оның түрі мен сипатына байланысты болады, таңдалған жабдықты негіздеу үшін оның экономикалық көрсеткішін ескерген жөн. Толығымен жабдық тиімділігі олардың технологиялық, техникалық және техника – экономикалық көрсеткіштерімен бағаланады.

Офсеттік басылым бүгінде бұрынғыша газет, журнал, каталог, кітап, альбом, этикетка, қораптар, акцидентті өнімдер сияқты әртүрлі полиграфиялық өнімдерді шығарудың негізгі әдісі болып табылады. Оның мүмкіндігінің төмендігі жайлы қанша айтылса да, басқа басылым әдістерімен бәсекелестікке шыдап, өзінің позициясын ұстап келеді. Полиграфистердің ақпараттық зерттеу ассоциациясының болжамы бойынша 2015 жылға қарай офсеттік басылымның нарық үлесі басқа баспа түрлерінің ішінде 55% болады, өз кезінде ол баспаның басқа да негізгі түрлерінің үлесінен асып түседі. Офсеттік басылымның артықшылығы үлкен форматта және жоғары жылдамдықта жұмыс жасау мүмкіндігі болып табылады. Бұл технология аз шығын шығарып, түрлі-түсті үлкен көлемді өнімді шығару үшін өте қолайлы болады.

Басу процесінің маңызды факторлары, оны технологиялық анықтау, экономикалық және алынатын таңбалардың сапалы көрсеткіштері, басу қысымы, таңбаға бояудың бекітілуі, бейнелерді қайтадан калпына келтіру дәлдігі, басылым формаларының тиражға төзімділігі, жылдамдығы, полиграфиялық материал шығындары және электрэнергия болып табылады.

Полиграфиялық өнімді дайындық кезінде ең басты және негізгі процесс – басу процесі. Басу процесінің негізгі міндеті, басу формасындағы бейнені, мүмкіндігінше анық беру.

Тапсырма ретінде берілген жоба жоғары оқу орындарына арналған оқулықтарды басу цехында даярлаудың технологиялық бөлімін жобалауға арналған. Қазіргі уақытта жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар қатты және жұмсақ қаптамада шығарылады, бір немесе түрлі түсті бояумен басылады. Жобалау барысында басу цехына толығымен мәліметтер беріп, басу өндірісін қарастырамыз.

Басылымды басу үшін жоғары автоматтандырылған, экономикалық жағынан тиімді, өнім сапасын жақсартып отырып еңбек шарттарына сай келетін жабдықтар қолданылады.

Басылымды басу үшін жоғары автоматтандырылған, экономикалық жағынан тиімді, өнім сапасын жақсартып отырып еңбек шарттарына сай келетін жабдықтар қолданылады [1].

1 Технологиялық бөлім

1.1 Басылым үшін басу әдісін таңдау

Басу әдісін таңдау кезінде өнімнің түріне көңіл аудару өнімді дайындау мінездемесін элементтерінің бояулылығына, таралымға, өнімді шығару уақытына, талаптарға сай сапасын естен шығармау керек.

Офсеттік басу әдісі қарқынды дамыған және тез күшейетін әдіс болып табылады. Ол түрлі бір бояулы және көпбояулы басу өнімдерін шығару үшін пайдаланады.

Офсеттік басу әдісі бейненің сызықты элементтерін жоғары дәлдікте берілуін қамтамасыз етеді. Аз таралымның болғаны форма дайындау уақытына және бір таралымнан екінші таралымға өту уақытына көңіл қоюға мәжбүр етеді.

Басу формасы дайындау бағасы, басқа басу әдістеріне қарағанда төмендеу, жұмыс жылдамдығы да жоғарырақ, басу машинасын жұмысқа дайындауға кететін уақыты аз, қатырмада басу мүмкіндігі бар. Осының барлығы басылымның өзіндік құнын төмендетеді.

Офсеттік формаларда әртүрлі форматты дайындауға болады. Форманың қалыңдығы 0,15-0,8 мм, өлшемі басу машиналарының түріне байланысты болып келеді. Офсеттік басылым формаларының басылым элементтері гидрофобтық қасиетке ие, яғни бояуды өзіне тартады. Ал ашық элементтер керісінше сумен жақсы ылғалданады және оны өзінің бетінде ұстайды. Олар гидрофильдік қасиетке ие болады.

Басу әдісін таңдауда біріншіден басылым түріне, полиграфиялық сапа шарттарын орындау талаптарына, басылымның шығу мерзіміне, таралымдығына, өндірістің технологиялық мүмкіндіктеріне көңіл бөлу керек.

Офсеттік басу әдісі жоғары өнімді машиналарда, басылымды басу жылдамдығы жоғары, сондай-ақ басу формасын даярлауына аз уақыт кетуін, осы тұрғыда өндірісті ұйымдастыруда тиімді шешім ретінде пайдалану керек.

Қазіргі уақытта офсеттік басу әдісін пайдаланатын өндірістің технологиясы мен техникасы бұл талаптарды толығымен қанағаттандырады деуге болады.

Басу әдісін таңдау кезінде қалыптасқан дәстүрді ұстамау керек, ал әрбір жеке жағдайда тапсырыс берушіге ең тиімді және үнемді шешімдерді іздестіріп нұсқау беру керек [2].

1.2 Басылымның техникалық сипаттамасы

Жобаланатын өндірісте бір жыл көлемінде жылдық жүктеме берілуі тиіс. Онда басылымды даярлау кезінде қолданылатын барлық техникалық көрсеткіштер беріледі. Сол көрсеткіштерді 1-кестеде қарастырамыз

1 Кесте – Басылымдардың техникалық сипаттамасы

Көрсеткіштердің атаулары	Кітап (I)	Кітап (II)	Кітап (III)
Басылымның форматы	60x84/8	70x100/16	70x90/16
Басылымның форматы: кесуге дейінгі кескеннен кейінгі	30×21 29×20,5	17,5×25 17×24	17,5×22,5 17×21,5
Таралымы,мың дана	30	40	45
Блоктың көлемі: физикалық баспа табақта шартты баспа табақта қағаз табақта беттерде	28 26,04 14 224	18 23,4 9 288	12 14,04 6 192
Атаулар саны	40	35	50
Басылымның жылдық саны	1200	1400	2250
Басылымды басудың түрі	офсеттік	офсеттік	офсеттік
Басылым элементінің бояулылығы: блок мұқаба	4+4 4+0	4+4 4+0	4+4 4+0
Жинақтау түрі	бірінің үстіне бірін	бірінің үстіне бірін	бірінің үстіне бірін


	қойып	қойып	қойып
Мәтіндегі бейнелердің пайыздық қатынасы	30%	20%	40%
Дәптерлерді бекіту әдістері	жіппен тігу	жіппен тігу	Тікпей желіммен бекіту
Блокты жинақтау түрі	бірінің үстіне бірін қойып	бірінің үстіне бірін қойып	бірінің үстіне бірін қойып
Басылымның түрі	офсеттік	офсеттік	офсеттік
Басылымдағы қағаздың массасы: блок мұқаба	70г/м ² 140г/м ²	70г/м ² 140г/м ²	70г/м ² 140г/м ²

1-кестенің жалғасы

Көрсеткіштердің атаулары	Кітап (I)	Кітап (II)	Кітап (III)
Форзацтың безендірілуі	қарапайым желімденетін	қарапайым желімденетін	-
Дәптерлер: бүгілімнің түрі дәптердегі беттердің көлемдері	үш бүктелген перпендикуляр 16	үш бүктелген перпендикуляр 16	үш бүктелген перпендикуляр 16
Түптеу қап: типі жамылғы материалдың түрі, безендіру түрі	№4 мұқабалық қағаз; пленкамен престоу	№4 мұқабалық қағаз; пленкамен престоу	№3 мұқабалық қағаз пленкамен престоу
Мұқабаларға арналған форма саны	160	140	200
Жылдық басу формасының саны	4480	2520	2400
Жылдық парақ-таңба саны	33600	25200	27000
Мұқабаға арналған табак-таңба саны	300	350	563
Блокқа арналған бояу-таңба саны	134400	100800	60000
Мұқабаға арналған бояу-таңба саны	1200	1400	2252

1.3 Басылымды даярлау үшін технологиялық сұлбаны таңдау

1-суретте оқулықтарды басу цехында даярлаудың технологиялық сұлбасы қарастырылған.



1 Сурет – Басылымды басу цехында даярлаудың технологиялық сұлбасы

1.4 Таңдалған технологиялық процесті талдау және орнықтыру

Басу машинасын басуға дайындау. Офсеттік басу машинасын таралымды басуға дайындау шығыңқы басу машинасымен біраз жерлері ұқсас келеді. Бірақ жазық офсеттік басылымның спецификациясына сәйкес басу машинасын дайындаудың біраз бөлігінің өзінің ерекшелігі болады.

Басылымның түріне, басу машинасының автоматизация дәрежесіне, басу процесінің шартына байланысты дайындау операциясының орындалу реті өзгереді, ал кейбір жағдайларда мүлдем алынып тасталуы мүмкін.

Офсеттік басу машинасын таралым басуға дайындау келтіру деп аталады және келесі операциялардан тұрады:

- басу аппаратын дайындау;
- ылғалдандыру және бояу аппаратын дайындау;
- қағаз беретін, қабылдап шығаратын құрылғыны дайындау;
- жетек (приводка);
- жағылуға қарсы, кептіру және басқа бақылап, реттейтін құрылғылар мен жүйелерді дайындау.

Басу аппаратын дайындау келесі негізгі операциялары резина-маталы пластина және прокладка қондырғысын, басу формасы қондырғысынан және қысымды реттеуден тұрады.

Резина-маталы пластина тек қана бояуды формадан қағазға беріп қана қоймай, декельдің де қызметін атқарады. Сондықтан оның қалыңдығы, бетінің тегістігі және серпімді-эластикалық қасиеті көбіне өнімнің сапасы мен басу формасының таралымға төзімділігін анықтайды.

Прокладкамен астарланған резина-маталы пластинаны біркелкі керіп, оны офсеттік цилиндрге бекітеді.

Кейінгі кездері біраз жетілген, бірақ, құрылымы қиынырақ, қосымша прокладканы қажет ететін аралық қабатты кеуекті резина-маталы пластина қолданылып жүр. Пластина ұзақ уақытқа дейін қызмет көрсетеді және тозған жағдайда ауыстырылады.

Басу формасын тапсырыс картасымен және сынама таңбамен мен бақылаудан өткеннен кейін, басу машинасына жіберіп, формалық цилиндрге жібереді. Оларды цилиндрге бекіту әдісі машинаның құрылымына байланысты болады.

Басу формасы формалық цилиндрде біркелкі керілген болуы керек және қажетті жетекті тудыра отырып, цилиндрдің бетінде нақты бір жағдайда орналасуы керек.

Басу секциясының цилиндрларының арасындағы ең тиімді қысымды, әдеттегідей, машинаны монтаждағанда және жөндегенде реттеп, орнықтырады. Оның тұрақтылығына басу формасының қалыңдығы мен декельді ескере отырып цилиндр диаметрінің орнатылған өлшемдерін ұстап тұру арқылы қол жеткізуге болады [2].

Басу машинасының бояу аппаратында бояуды беру технологиясы. Бояу аппараты бояудың қажетті қалыңдықтағы қабатын түзеп, оны басу формасына беруге арналған.

Бояу алдымен жаймалау біліктерде болып, одан кейін жаймалау білігімен басу формасына беріледі. Әрбір түйіспелі зонада бояу қабаты бөлінеді де, өте жұқа қабатымен басу формасына беріледі.

Эластикалық бөліктер арасындағы қысым белгілі бір шамада болу керек. Бояу беру тобына бояу жәшігі, дукторлық білік пен беру білікшесі жатады.

Бояу жәшігі ішіндегі бояудың жылдамдығының градиенті дуктордан алыстау жерінде секундты бірнеше бөлігінде жатса, ал дуктормен пышақ арасындағы саңылауда секундтық бірнеше мыңдаған бөлігінде жатады.

Дукторлық біліктің мерзімді немесе үздіксіз айналуы тұтқыр бояуды бір келкі жаға алмайды. Бояуды бір келкі жағу үшін оның тұтқырлығы аздау болуы керек. Дукторлық білікке жақын жерінде бояудың тұтқырлығы лезде төмендейді, ал дуктордан алыстаған сайын бояудың ағуы мүлдем тоқтайды. Жәшік ішіндегі бояудан тұтқырлығы бірдей болу үшін оны арнайы электромеханикалық құрылғы көмегімен араластырып отыру қажет.

Бояу ішіндегі кернеу шамасын толық алғанда екі фактор анықтайды: дукторлық біліктің айналу жылдамдығы мен бояудың тұтқырлығы.

Бояу жәшігінен бояуда бір қалыпты беру үшін бояудың релогиялық қасиеттерін де ескеру керек. Жаймалануыш топтағы бояудың температурасын да бір қалыпты ұстап отыру керек.

Бояу аппаратын дайындау. Таралымды басу алдында бояу аппаратының тазалығына көз жеткізу керек. Керек болса, бояу аппаратының алдыңғы бояудың қалдықтарынан мұқият тазарту пастасының көмегімен тазартылып, жаймалау біліктеріне жағылатын аздаған мөлшерін де дұрыстау қажет. Пастамен тазалау біліктер қосылғанда 15-20 минутта іске асады. Біліке тұрып қалған ескі бояуларды арнайы ерітіндімен немесе керосинмен (уайт-спиртпен) тазартады. Ал біліктер кепкенше сүртіп тазаланады.

Баспа бояуы басу аппаратының бояу жәшігіне оңай, алдын ала жүйені ретеусіз құйылуы тиіс, жаймалау біліктеріне де тегістеу, басу форматына көшу, резина маталы офсеттік пластинаға, сонымен қатар қағазға өтуі керек.

Бояуды басу жәшігіне құю. Басу машинасының бояу жәшігіне бояуды құяр алдында басушы бояудың бетінен банкада орналасқан, жабулы пергаменттік парақты, антипенка құраушымен сіңірілген және бояудың бетін қарастырады. Егер бояудың бетінде қабыршақ болса, басуші оны ақырын алып тастау керек, сосын бояу жәшігіне құйылады да мұқият араластырады.

Бояудағы ерітінділердің аса булануын азайту үшін оған қағаз шаңының түсіп кетуінен сақтау үшін бояу жәшігін жабу керек.

Қолдануға дайын бояулар құжатта көрсетілген (сапа сертификатында)

техникалық талаптарға жауап беру керек. Бейне элементтерін беру кезіндегі анықтылықты қамтамасыз ету үшін басу бояуы нақты қоюлыққа ие болуы керек. Ылғалдандыру ерітіндісін қосылған кезде бояуды қоюлатпауы керек.

Осы талаптардың барлығына сәйкес келетін қанықтылығының жоғарылығы бояудың жалпы шығынын азайтуға және бейненің түстілігін көрсетуге мүмкіндік береді.

Ылғалдандыру аппаратын дайындау. Ылғалдау аппаратын дайындау оны тазалаудан, беретін және жағатын біліктерді реттеуден, ылғалдандыру ерітіндісін құю мен оның формаға берілуін алдын ала реттеуден тұрады. Біліктің маталы жабынына ерекше назар аударылады, сонымен қатар күшке және басу формасына матаның біркелкі жабысуына да назар аудару керек.

Ылғалдандыру ерітіндісінің құрамын және оның рН мөлшерін ашық жол элементтері орналастырылатын металдың табиғатына байланысты таңдайды. (алюминий үшін $\text{pH}=6,6$). Ерітінді ашық жол элементтеріне біркелкі жұқа пленка ретінде жағылып, гидрофильдік қасиетін жоғалтпау керек, түсін жоғалтпай басу элементінің орнықтылығын төмендету керек [3].

Ылғалдау ерітіндісін дайындау. Ылғалдау аппаратының мақсаты ылғалды жұқа қабатпен басу формасына беру. Ылғалдау аппаратын дайындауда аппаратты тазалау, ылғал беру және айналмалы біліктерді қондыру, ылғалдау ерітіндісін құю және оны формаға алдын-ала реттеу. Дукторлық цилиндрді, беретін білікті, жағатын білікті жөнге келтірер алдында, ылғалдандырғыш аппаратының біліктерінің арасына қаптап тігеді. Білікті орайтын мата түріне, жағдайына ерекше назар аударады, сонымен қатар күшпен және біртекті басылым қалыбына қысым түсіруі керек. Біліктерге оралған мата бірнеше апта қызмет етеді.

Ылғалдау ерітіндісінің форманың элементіне орналасуы, анық рН табиғи металының құрамына тәуелділігі. Ашық элементтеріне ерітінді жұқа біртегіс пленка түрінде жақсы жағылуы тиіс. Оның қажетті гидрофильділігін ұстау керек, түсі болмауы және басылым элементінің тұрақты азаюын шақырмау керек.

Басылымға қағаз таңдау. Офсеттік басылымында қолданатын қағаз ассортименті әртүрлі болып келеді, олар техникалық жағдайларға (ТЖ) байланысты қағаз өндірушілермен өңделіп шығарылады.

Сонымен қатар, полиграфиялық өндіріс орындары шет елдің өндірілген қағаз түрлері мен маркаларын қолданады.

Қағаз ассортиментінде жұмыс бағытын таңдау үшін және басылымға дәл қағаз таңдау үшін келесі ақпарат қажет. Өндіруші немесе сатушы басылым әдісіне және басылым өнімінің түріне байланысты ұсынылған қағаз түрлерінің сұрыптарына көңіл аудару керек.

Қағаз таңдаудағы оны шығару технологиясы қағаздың құжаттамасында немесе сатып алғанда тапсырушымен келіскендей арналуына байланысты болады. Рулондық машинада басу кезінде массасы 1 м^2 (80г-ға дейін), ал парақтыда басу үшін 60 г-нан төмен емес қағазды қолдану жөн.

Реңді бейнелердің жоғары дәрежесінде және сапаға қойылатын үлкен талаптарда борланған қағазды қолдану қажет.

Ұзақ қолдануға арналған басылымдарды таза целлюлозалық қағазда шығару ұсынылады. Арзан, құрамында механикалық сүрек массасы бар қағаздарды қолдану мерзімі аз журнал басылымдары, газеттер және т.б. қолдану тиімді.

Басылымға арналған қағаз форматын өнімнің форматына байланысты басылым алаңында қажет шегерімдерді, шлейф, қағаз кесілуін және басқа факторларды есептей отырып таңдайды [4].

Сәйкестендіру – бұл парақта немесе қағаздың таңба жолдарының қажетті өлшемдері алынады, көп бояулы басылымда бояулардың үйлесімділігі нақты болады, 2 жақты басу кезінде таңбаның беті мен артқы жағының сәйкес келуі болады. Бұл операция басылған өнім сапасының негізгі көрсеткіші болып табылады.

Келтірудің керекті дәлдігі машинаның қағаз беру құрылғысының механизмін реттеу арқылы, яғни қағаз парағын басу формасының қатынасымен орналастыру және басу машинасының формалық цилиндріндегі соңғысын жылжыту болып табылады. Бұған қоса, келтірудің дәлдігі жолдарды беттеудің дұрыстығына, басу формасының монтажына, түстері бөлінген фотоформалардың сызықтық өлшеміне және көп болуы басылымда басу формасына байланысты болады.

Басу аппаратын дайындау. Басу аппаратын дайындау офсеттік цилиндрге декель немесе резина маталы пластина кигізуден басталады. Кигізіп болған соң, басу аппаратындағы басқа да цилиндрлерді жұмыс күйіне дайындайды. Формалық цилиндрге форманы кигізіп, ауыстыруын автоматты түрде орындайды. Басу цилиндрінің беті берік хромдалған болады, олар тозуға төзімді, өте жақсы жуылады, сонымен қатар басқа еріткіштерді қабылдамайды. Бірінші секциялы басу парағына алдымен бір жағы басылады. Бұдан соң парақ арнайы құрылғымен аударылып, екінші секциядағы басу цилиндріне түсіп, онда екінші жақ бетіне басылым парақты айналдыру, аудару құрылғысының келесі басылым цилиндрінің беті кедір-бұдырлы, хромдалған болады. Жұмыс барысында қформалық цилиндрдегі форманы, офсеттік цилиндрдегі декельді арнайы ерітінділермен сүртіп тазалап отырады. Басу аппараттарының қысымын реттейді. Әрбір басу секцияларындағы формалық, офсеттік және басу цилиндрлерін жуу құрылғысы көмегімен тазаланады.

Басу формасына жағатын біліктер мен бір тегіс бояу беріліп, бояу беретін жүйені реттеу болып табылады. Егер басқа бояумен басу қажет болса, онда бүкіл бояу аппаратынан бұрынғы бояуды ерітіндісі бар жуатын қондырғының көмегімен кетіреді. Осыдан кейін, бояу жәшігіне қажетті бояуды құяды. Газеттік қара бояулар (тұтқырлығы төмен) газет агрегаттарының бояу аппараттарына бояу станциясының ыдыстарынан құбыр өткізгіш арқылы сорғыштармен беріледі.

Декельді дайындау. Бұл элементтер геометриясының дәлдігі мен қозғалыстағы өзара әрекеттері басудың сапасын анықтайды. Басылым қондырғысын дайындауға декель мен басу формасын орнатуды, сонымен бірге, қысым реттеуді жатқызамыз. Жазық офсеттік басу машиналарындағы декельдің қызметін астында астарлық декельдік материалы бар резеңке маталы пластина

(техникалық мата, резеңке маталы пластина немесе қатырма қағаздары) орындайды. Резеңке маталы пластина, әдетте, бояуды жақсы бере алатын қабілеті бар және серпімді-иілімді қасиетті, көп құрамды резеңке қабатымен жабылған негізден (өзара жабыстырылған тығыз матаның бірнеше қабаты) тұрады.

Серпімді-иілімділік қасиеттеріне қарай, декельдер шартты түрде: қатты, жартылай қатты, жұмсақ болып бөлінеді. Декельдің қасиеттері көп жағдайда өнімнің сапасы мен басу формасының таралымға төзімділігін анықтайды.

Формалық цилиндрді дайындау. Форманы даярлау негізінен формалық пластина саңылаулары арқылы екі жағынан пленкамен қысылады. Әдетте, табақтық офсеттік машиналардың цилиндрлерінде саңылаулар болады. Ол формалық пластиналарды қолмен дайындауға мүмкіндік береді. Қазіргі автоматтандырудың деңгейіне орай, басу машинасының жұмысын тоқтатпай-ақ, форманы орнату және керу кезіндегі пайда болатын кемшіліктерді түзетуге мүмкіндік береді. Бұл басқару пульті көмегімен шеңберлік, осьтік және диагональдық келтіру жолдарымен іске асырылады. Машинаны жөндеу, реттеу процесінде басу формасын қолмен ауыстыру және жекеленген бояуларды реттеу көп уақыт алады. Автоматты жүйеде штивтерді қолдану пластиналарды ауыстыруды жылдамдатуға, оларды орнықтырудың дәлдігін арттыруға мүмкіндік береді, мұның өзі бірінші алынған баспа-таңбаның өзінде-ақ бояулардың дәлдігін қанағаттандырады.

Офсеттік цилиндрді дайындау кезінде резеңке төсем офсеттік цилиндрге қысқыш планка және керілу жүйесінің көмегімен бекітіледі. Рулонды офсеттік басылымда кеңінен таралған алдыңғы және артқы қысқыш планкалы резіңке төсеніштер планкалардың құрылысы оларды тез ауыстыруға мүмкіндік беретіндіктен, табақтық офсеттік машиналарда да жиі қолданылып келеді.

Басу аппаратын дайындау қажетті болған жағдайда офсеттік цилиндрға декель немесе резина маталы пластина кигізуден басталады. Кигізіп болған соң, басу аппаратындағы басқа да цилиндрларды жұмыс күйіне дайындайды. Формалық цилиндрге форманы кигізіп, ауыстыруын автоматты түрде орындайды. Басу цилиндрінің беті берік хромдалған болады, олар тозуға төзімді, өте жақсы жуылады, сонымен қатар басқа еріткіштерді қабылдамайды. Бірінші секциялы басу парағына алдымен бір жағы басылады. Бұдан соң парақ арнайы құрылғымен аударылып, екінші секциядағы басу цилиндріне түсіп, онда екінші жақ бетіне басылып парақты айналдыру, аудару құрылғысының келесі басылым цилиндрінің беті кедір-бұдырлы, хромдалған болады. Жұмыс барысында формалық цилиндрдегі форманы, офсеттік цилиндрдегі декельді арнайы ерітінділермен сүртіп тазалап отырады. Басу аппараттарының қысымын реттейді. Әрбір басу секцияларындағы формалық, офсеттік және басылым цилиндрлерін жуу құрылғысы көмегімен тазаланады [5].

Табақ шығару құрылысы. Табақ шығару құрылысы – қағаз өткізетін стол, ленталар, екі валл, жылжымалы роликтер, бүйір тіректер, алдыңғы тіректер, ашылып-жабылатын рамалардан тұрады. Стол өнім өткізуге арналған, ленталы роликтер қағазды жылжытып, алдыңғы тірекке береді, вал лентаны айналдырып тұрады, алдыңғы тіректер қағазды басу аппаратына береді. Басу

цилиндрінің астында орналасқан пневматикалық жүйесі басу цилиндріне парақтарды тұрақты береді. Қағаздың ағынды ауамен берілуі қағаздағы бояулардың жағылмай жақсы өтуін қамтамасыз етеді. Табақ жүргізу барабанының астында ауалы жастықшалардың бояуы арқасында, табактар бірінші басу секциясынан екінші басу секциясына сыдырылмай және тырналмай беріледі.

Қабылдау столының құрылысы. Қабылдау столының қызметі дайын басылған өнімдерді текшелеп жинау. Ол бірнеше құрылғылардан тұрады: қабылдау столының шынжырлы тасымалдағыштарынан, форгрейферден, алдыңғы тірек, бүйір тірек, артқы тіректерден және тағы да басқа құрылғылардан. Басу аппаратынан шынжырлы тасымалдағыштардың қысқыштары арқылы қабылдап алады да, оны қабылдау столына шығарып, соның үстіне орналастырады. Қабылдайтын столдағы алдыңғы, бүйір және артқы тіректер табактардың майысуынан сақтайды.

Сынама таңба алу. Машинаны басуға дайындағанда реттеуді, әдетте, машинаның жүрісі баяулаған кезде жасайды, оның жұмыс жылдамдығы қажетті режимдерге әр уақытта сәйкес келе бермейді. Сондықтан, барлық дайындау операцияларын аяқтағаннан соң, машинаны жұмыс жүрісіне қосады, бояу мен ылғал ерітіндісінің берілу режимін түзетеді, көп жағдайда баспа-таңбалардың сапасы осыған байланысты және сынама бақылау баспа-таңбалар басылады (табактық машинада – 300-500 дана, рулондықта – одан да көп).

Таралымды басу. Машинаны дайындау операциялары аяқталғаннан кейін, формаға ылғал мен бояу берудің керекті режимін реттеп, алдын-ала бақылау таңба алу керек. Басылым түріне және оның бояулығына байланысты баспагер және мастер алынған таңба сапасының барлық көрсеткіштерін мұқият түрде тексереді, басу элементтерінің дәл берілуін, бояудың түстері көп бояулы басылымда бір-бірімен сәйкес түсуін, бүктеу, кесу және дәптер өлшемдерінің дәлдігі, белгілерді дұрыс орналастыруын және тағы басқа басылатын өнімдерді өңдеуден өткізеді.

1.5 Негізгі жабдықты таңдау

Басу цехында таралымды басу үшін жоғары жылдамдықты Қазақстанда кенінен қолданыс тапқан офсеттік парақтық Rapida 104 басу машинасы таңдалды.

Rapida 104 машинасы жоғары дәрежеде автоматтандырылған, 4 басу секциясынан тұрады. Пневматикалық өзі бергіш столдан, басу аппаратынан, бояу аппаратынан, ылғалдау аппаратынан, табақ шығару құрылысынан, қабылдау столынан, кептіру құрылғысынан, электр көмегімен қысымды реттеу құрылғысынан тағы басқа бірнеше бақылау блоктау құрылғыларынан тұрады. Дистанционды басқару ЭРГОТРОНИК басқару пультінің көмегімен басқарылады. Rapida 104 машинасының өнімділігі сағатына 15000 парақ таңба өндіреді.

Бұл жабдықтың басу өлшемі жүктеме өлшеміне сәйкес, басу жылдамдығы айтарлықтай жоғары дәрежеде. Техника басқару пультымен басқарылады. Басылым формасын ылғалдау, кептіруі, түзету дистанционды түрде олшелінеді. Басу тығыздығын өлшеу автоматты түрде іске асады.

КБА Rapida-104 машинасы әр түрлі массадағы қағазды, екі жағынан мүмкіншілігі бар. Мәшинаның принциптік құрылысы төменде көрсетіледі.

Офсеттік басу машинасының техникалық сипаттамасы 2-кестеде қарастырылды.

2 Кесте – КБА Rapida-104 парақтық офсеттік басу машинасының техникалық сипаттамасы

Көрсеткіш атауы	Көрсеткіштері
Қағазды қағаздың форматы, максималды минималды	720×1040 мм 360×520 мм
Басылым өлшемі екі жақты	700×1020 мм
Басылымның өнімділігі екі жақты басу бір жақты басу	12000 парак/сағ 15000 парак/сағ
Басылым формасының өлшемі	795×1050 мм
Форманың қалыңдығы	0,3 мм
Габариттік өлшемдері: ұзындығы ені биіктігі	9500 мм 3720 мм 2150 мм
Массасы	3480 кг
Қуаттылығы	48 кВт

Тапсырыс берушіге биздің өндіріс басылған өнімді парақтарға кесіп береді. Сол себепті басу цехында таралым басылғаннан кейін басылған парақ-таңба бірпышақты кесу машинасында бөліктерге кесіледі. Жобам үшін бірпышақты кесу машинасы таңдалды. Polar 115 толығымен гидравликалық қағаз кесу машинасы, ол жоғары өнімділігімен, тиімділігімен және дәлдігімен ерекшеленеді. Polar 115 тұтас шойыннан құйылған, ондағы механизмдер мен желілер жоғары дәлдікпен орналастырылған. Бұл құрылымның ең негізгісі екі цилиндрлі тік гидравликалық пышақ келтіруі. Күш тартпалары пышақ ұстатқышқа пышақ дәрежесінен төмен бекітіледі, яғни мұнда пышақ үстінен итерілмей, астынан тартылады. Нәтижесі – күш шамасының және кесу айналымы бойына пышақ қозғалысының біркелкілігі мен өзге келтірулерге қарағандағы жылдамдығының жоғары болуы. Пышақ ұстағыш арнайы кесудің жоғары дәлдігін қамтитын сызықты бағыттауыш бойымен қозғалады. Пышаққа түсетін екі жақты күш өте төмен, сондықтан пышақ тез ескірмейді. Жұмыс столдары болаттан жасалған және ауа үрлегіштермен қамтылған, ол ауыр материалдармен жұмысты жеңіл және қолайлы етеді. Алдын – ала қысу баспасы гидравликалық күшейткішпен қамтылған, сондықтан оператор жұмсайтын күші өте төмен [4].

Бірпышақты кесу машинасының техникалық сипаттамасы 3-кестеде көрсетілді.

3 Кесте – Polar 115 бірпышақты кесу машинасының техникалық сипаттамасы

Көрсеткіш атауы	Көрсеткіштері
Кесу ұзындығы, мм	1150
Кесілетін буманың биіктігі, мм	130
Кесудің механикалық жылдамдығы,1/мин	45
Пышақтың ені, мм	1390
Қысудың максималды күші, кг	4500
Инфрақызыл шек	Стандартты
Үстел жабындысы	Хромдық
Қуаты, кВт	4
Салмағы, кг	3800
Габариттік өлшемдер	2870×1750×2360
Қорғаныш ауа жастықшалары	Орталық және бүйір үстелдерінде

1.6 Негізгі материалдарды таңдау

Қағаз – дегеніміз, целлюлоза талшықтарынан (сүрек целлюлозасы, сүректік масса, мақта талшығы, зығыр, макулатуралық масса және т.б.), толықтырғыштан, желімдегіш және бояғыш заттардан тұратын массасы 250 г/м² дейін парақтар немесе ленталар. Қағаз, әдетте, бір немесе екі қатпарлы болып келеді. Қағаз қалыңдығы шамамен 35-300 мкм аралығында жатады.

Қағаз талшықты және талшықты емес құраушыларың судағы суспензиясын, яғни қағаз массасын қағаз жасау машинасында тор көзінде жайылады да кептіріледі, одан кейін каландрлерден өткізіледі (жылтырлатады.) Каландрдан өткізу қағаздың тегістігін арттырады.

Офсеттік басылым үшін қағаз бетінің берік болуы және бетінің шаң шығармауы өте маңызды, өйткені офсеттік рәзіңке маталы пластиналар қағазды қатты қысқанда жіңішке талшықтарын, толықтырғыш бөлшектерін жұлып алуы мүмкін. Мұның салдарынан офсеттік қағаздағы толықтырғыш мөлшері 15 %-дан аспауы қажет.

Офсеттік қағаздың серпімді эластикалық қасиеттері бояуды қағаз бетіне жағылуына еш әсер етпейді, өйткені рәзеңкелі маталы офсеттік пластинаның серпімді эластикалық қасиеттері өте жоғары болып келеді. Қағаздың пластикалығы да зиянды, өйткені басу элементтерінің қайта басылып кетуі мүмкін. Өндіріс үшін офсеттік массасы 70г/м² қағаз таңдалды.

Баспа бояулары. Төрт бояулы басуда триадты : сары, қызғылт, көгілдір және қара түсті боялар қолданылады. Түс бөлу, түсті түзету, формалық процестерін дұрыс орындағанда, мөлдір сары, көгілдір және қызғылт бояуларда барынша пайдаланып оларды бір-біріне салғанба баспа-таңба шкаласына бейтарап сұр ренк пайда болады. Іс-тәжірибеде ондай ренкты алу әрқашан бола бермейді, өйткені нақты бояудың идеалды болмауы салдарынан түсті берудің

бұрмалануы көрінеді. Яғни, нақты бояу жұтылатын нұрлану бөлігін өткізіп алады (мәселен, қызғылт бояу – спектрдің жасыл бөлігінің нұрын өткізуі керек). Осы бұрмалануды жою мақсатымен, түрлі-түсті боялар шығынын азайту үшін басу кезінде көпбояулы кескіннің соңғы сипатын құрастыратын қара бояуды қолданады.

Өндіріс үшін Оңтүстік Кореяның Сомах фирмасының баспа бояулары таңдалды. Бұл бояулар қағаз түрін таңдамайды, яғни жұқа қағаздан бастап қатырма бетіне де басуға арналған.

Ылғалдау ерітінді – аз қышқылды немесе әлсіз сілтілі электролит. Ылғалдау ерітіндінің құрамына байланысты басу формасының гидрофильдік қасиеті, таралым төзімділігі таралып отырады. Басу процесіндегі форма бетіндегі ылғалдау ерітіндінің пленкасы форманың қасиетіне байланысты белгілі бір қалыңдықта болуы қажет. Монометалды басу формасын алу үшін қалыңдығы 2мкм тең, ал оның температурасы 12-14°C болуы қажет. Ал оның негізгі көрсеткішіне қышқылдығы pH, қаттылығы DH, тоқөткізгіштігі жатады.

pH – сутегі көрсеткіші, ерітіндідегі сутек иондарының концентрациясын сипаттап көрсетеді. pH көрсеткіші 0-14 дейін өзгереді. Егер pH=7 бейтарап, ал pH<7 қышқылдық орта, pH>7 сілтілі болып есептеледі. Ең тиімдісі 4,8 – 5,5 дейін.

- егер 4,8-ден аз болса, онда ашық элементтердегі гидрофильдік пленка бүлінеді;

- таңбадағы бояулардың бекінуі нашарлайды, мұнда бояудың полимеризациясы бұзылып, жағылуы пайда болады;

- бояу пленкасының төзімділігі төмендейді;

- бояу аппаратының металды жаймалау цилиндрлері жалаңашталынады.

Мұнда бояудың біркелкі берілуі бұзылады;

- егер pH>5,5 бояулардың түсі жоғалып, сұр түс береді;

- басылым бояулар бояу біліктеріне жиналып, форманың бетінің қараюы пайда болады. Бұл процесті эмульгирование деп атайды;

- форманың басу элементтері бұзылып, өзінің құнын жоғалтады.

Декель. Полиграфия саласында декельдің 3 түрі пайдаланылады:

1) қатты декель, қалыңдығы: 1,6-200 мм;

2) жартылай қатты декель, қалыңдығы: 3,8-4,2 мм;

3) жұмсақ декель, қалыңдығы: 4-4,5 мм.

Қатты декель, жартылай қатты және жұмсақ декельдерге қарағанда, басылымның жоғарғы сапасын қамтамасыз етеді. Себебі жартылай қатты және жұмсақ декельдер контакт зонасында көбірек деформацияланады. Сөйте тұра практикада жұмсақ декельдер жиі қолданылады, себебі жартылай қатты және қатты декельдерге қарағанда жұмсақ декельде жақсы сапалы баспа - таңбалар алу үшін әдеттегі қысымды өсіріп – кеміту мүмкінділігі мол.

Полиграфия саласында қысымды пьезоэлектрлік датчикпен өлшейді. Қысымды алу үшін офсеттік резина декель пайдаланылады.

1.7 Технологиялық есетпер

Басу цехының негізгі материалдарын есептеу
Қағаз шығыны: офсетті қағаз 70 г/м²

$$Q_{к1} = (0,6 \times 0,84 \times 28 \times 40 \times 30 \times 70) \div 2 = 592704 \text{ кг} = 592,7 \text{ т}$$
$$Q_{к2} = (0,7 \times 1 \times 18 \times 35 \times 430 \times 70) \div 2 = 617400 \text{ кг} = 617,4 \text{ т}$$
$$Q_{к3} = (0,7 \times 0,9 \times 12 \times 50 \times 45 \times 70) \div 2 = 595350 \text{ кг} = 595,4 \text{ т}$$

Кітапқа арналған офсеттік қағаздың жалпы шығыны:

$$Q_{ж} = 592,7 + 617,4 + 595,4 = 1805,5 \text{ т}$$

Техникалық шығын 5%

$$(1805,5 \times 0,05) + 1805,5 = 1896 \text{ т}$$

Офсетті қағаздың 1кг үшін орташа бағасы 172 теңге

$$1896000 \times 172 = \mathbf{326610 \text{ мың теңге}}$$

Түптеу қабы мен мұқаба үшін жұмсалатын мұқабалық қағаз, массасы 140г/м²

$$Q_{к1} = (0,6 \times 0,84 \times 40 \times 30 \times 140) \div 4 = 21168 \text{ кг} = 21,2 \text{ т}$$

$$Q_{к2} = (0,7 \times 1 \times 35 \times 40 \times 140) \div 4 = 34300 \text{ кг} = 34,3 \text{ т}$$

$$Q_{к3} = (0,7 \times 0,9 \times 50 \times 45 \times 140) \div 4 = 49612,5 \text{ кг} = 49,6 \text{ т}$$

Жалпы шығын:

$$Q_{ж} = 21,2 + 34,3 + 49,6 \approx 105 \text{ т}$$

Техникалық шығын 5%

$$(105 \times 0,05) + 105 = 110 \text{ т}$$

Мұқабалық қағаздың 1 кг үшін орташа бағасы 250 теңге

$$110000 \text{ кг} \times 250 \text{ тг} = \mathbf{27500 \text{ мың теңге}}$$

Жалпы қағаз шығыны:

$$\mathbf{326610 + 27500 = 354110 \text{ мың теңге}}$$

Баспа бояуының керекті санын анықтау:

Анықтама бойынша 1000 бояу таңбаға көгілдір 125 г, қызыл – 78 г, сары – 42 г қара 60 г бояу жұмсалады.

Бояу-таңбаның жылдық саны – 348052 мың бояу-таңба

$$\text{Көгілдір: } 348052 \times 125 \text{ г} = 43506,5 \text{ кг}$$

$$\text{Қызыл: } 348052 \times 78 \text{ г} = 27148 \text{ кг}$$

$$\text{Сары: } 348052 \times 42 \text{ г} = 14618 \text{ кг}$$

$$\text{Қара: } 348052 \times 60 \text{ г} = 20883 \text{ кг}$$

$$\text{Бояу шығыны: } 43506,5 + 27148 + 14618 + 20883 = 106156 \text{ кг}$$

1 кг офсетті триадты бояудың бағасы 1500тг тұрады.

$$106156 \text{ кг} \times 1500 = \mathbf{159837 \text{ мың теңге}}$$

Басу цехы бойынша материалдар шығыны:

$$\mathbf{354110 + 159837 = 513947 \text{ мың тг}}$$

4-7-кестелерде басу цехының жылдық жүктемесі қарастырылған.

4 Кесте – Басу машинасының жылдық жүктемесі

Басылымның аты	Атау саны	Форматы және бөлшегі	Көлемі ф.б.т	Таралымы, мың дана	Бояулылығы	Жылдық табактаңба саны,мың		Жылдық бояутаңба саны,мың		Машинаның орташа өнімділігі, таңба/сағ
						физи-калық	келтірілген	физи-калық	келтірілген	
Кітап I	40	60× 84/8	28	30	4-4	33600	31248	134400	124992	10,5
Мұқаба I	40	60× 84	0,25	30	4+0	300	279	1200	1116	10,5
Кітап II	35	70× 100/16	18	40	4+4	25200	32760	100800	30240	10,5
Мұқаба II	35	70× 100	0,25	40	4+0	350	455	1400	1820	10,5
Кітап III	50	70× 90/16	12	45	4+4	27000	31590	108000	126360	10,5
Мұқаба III	50	70×90	0,25	45	4+0	563	659	2252	2635	10,5
Барлығы :						87013		348052		

4–кестенің жалғасы

Табак өткізу саны (мың)		Басуға кететін машина сағат саны		Форманың жылдық саны	Келтірулер саны		Бір келтіруге кететін уақыт, сағ	Келтіруге кететін жалпы уақыт, сағ		Басуға және келтіруге кететін жалпы уақыт,сағ	
біреу	барлық атау	біреу	барлық атау		біреу	барлық атау		біреу	барлық атау	біреу	барлық атау
84	33600	80	3200	4480	112	4480	0,33	34	1478,4	114	4678,4
7,5	300	0,7	28,6	160	4	160	0,33	1,32	52,8	2	81,4
720	25200	68,6	2400	2520	72	2520	0,33	23,8	831,6	92,4	3231,6
10	350	0,9	33,3	140	4	140	0,33	1,32	46,2	2,2	79,5
540	27000	51,4	2571	2400	48	2400	0,33	15,8	792	67,2	4971
11,3	563	1,1	53,6	200	4	200	0,33	1,32	66	2,42	119,6
	87013			9900			0,33				13162

5 Кесте – Басу цехының негізгі жабдығын есептеу

Жабдықтың маркасы	Жылдық өнімділік бағдарламасы,мың таңба	Жабдықтың жылдық уақыт фонды,сағ	Басуға кететін орташа уақыт,таңба/сағ	Ауысым саны	Бір форманы келтіруге кететін уақыт нормасы	Келтіру саны	Жабдықтың есептелген саны	Жабдықтың келтірілген саны
Rapida 104	87013	1967	10,5	2	0.33	9900	2.1	2
Барлығы:								2

5-кестенің жалғасы

Жабдықтың маркасы	Жылдық жүктеме, мың	Жабдықтың жылдық уақыт фонды, сағ	Ауысым саны	Өндеу нормасы	Жабдықтың есептелген саны	Жабдықтың келтірілген саны
Polar 115 бірпышақты кесу машинасы	87013	1980	2	19500 парак/сағ	1,12	1
Барлығы:						1

6 Кесте – Басу цехының негізгі жұмысшылар санын анықтау

[illegible]

7 Кесте – Басу цехының жабдықтар тізімі

Жабдықтың аты	Саны	Габариттік өлшемдері, м	Алатын орны, м ²		Бағасы, мың теңге	
			біреуі	барлығы	біреуі	барлығы
Rapida 104	2	9,5×3,72	35,34	70,68	105000	210000
бірпышақты кесу машинасы	1	2,87×1,75	5,02	5,02	8700	8700
Басушының столы	2	0,7×1,2	0,84	1,68	32	64
Материалдар шкафы	2	2×1,3	2,6	5,2	40	80
Жағатын және сүртетін материалдарды сақтайтын шкаф	2	2×1,5	3	6	40	80
Қағаздар поддондары	30	1,4×1,3	1,82	54,6	12	360
Қабылдау столы	2	1,1×0,7	0,77	1,54	20	40
Барлығы:			144,7			219324

Басу цехының ауданын есептеу

Жабдықтың алатын ауданы: $S = 144,7 \text{ м}^2$

Басу цехының ауданын табу үшін келтіру коэффициенті – 4

$144,7 \times 4 = 579 \text{ м}^2$

Басу цехының жалпы алатын ауданы: $S = 579 \text{ м}^2$

1.8 Қойма шаруашылығы

Өндіріске қағаз, қатырма, бояу және басқа да материалдармен қамтамасыз ету үшін және материалдарды, баспа қағаздарын сақтау үшін қойма шаруашылығы жобаланады.

Көмекші өндірістің жақсы жайлы ұйымдасуына байланысты өндіріс цехтарының үнемді және тиімді жұмыстары қамтамасыз етіледі. Сондықтан да қағаздарды, бояуларды түптеу материалдарының жақсы сақталынуына және өз уақытында өндіріске дайындалуына көңіл бөлу керек. Материалдарды өндірістің ішінде немесе маңында сақтауға болады.

Қағаз және қатырма қоймасы мына құрама бөліктерден тұрады:

- қағаз және қатырма қойма негізінде қағаз қабылдау бөлімі, табақты қағазды және қатырманы сақтау, қағаздарды басу цехына жіберу;
- өндіріске қағаздар мен қатырмаларды дайындау: қағазды сорттау, ақауларын бөлек алып санау, дайындаған қағазды сақтау, қағазды аклиматизациялау.

Жартылай өнімдерді сақтау – операциялық сақтау қоймасы. Мысалы: алдын-ала сәуле әсері тигізілген пластиналар, табақты парақтар, бүктелген дәптерлер, түптеу қаптары.

Дайын өнімдер қоймасы буып түйілген өнімдерді сақтау және жөнелтуге тағайындалған.

Материалдар қоймасында әртүрлі шикізаттар мен материалдарды сақтайды. Өндірістің ішінде ЖЖМ-дан басқа материалдар сақталады.

